



МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ ТАЛДАУ

GRI 3-1

Компания осы есепті дайындау кезінде GRI (GRI Sustainability Reporting Standards) стандартының ұсынымдарына сәйкес Компанияның елеулі әлеуетті және нақты әсерлерін талдауға негізделген маңыздылығын бағалауды жүргізді. Бағалау Компания басшылығы мен мүдделі тараптар өкілдерінің бірлескен жұмысының нәтижесі болды. Бағалау Компанияның ішкі және сыртқы мүдделі тараптарын қамтыды.

МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ КЕЗЕҢДЕРІ:

1-КЕЗЕҢ



2-КЕЗЕҢ



- › Мәнмәтінді талдау.
- › Компания қызметінің мәнмәтіні және әлемдік күн тәртібі негізінде тақырыптар тізімін қалыптастыру.
- › Мүдделі тараптар ортасын анықтау.

- › Компанияның нақты және ықтимал әсерін анықтау.
- › Компанияның әсерін анықтау үшін оның сараптамалық салалық материалдары мен тәуекелдерін талдау.

3-КЕЗЕҢ



4-КЕЗЕҢ

- › Әсердің маңыздылығын бағалау.
- › Мүдделі тараптардың сауалнамасына және Компанияның ішкі сараптамасына негізделген әсерлердің күші мен ауқымын бағалау.

- › Маңызды әсерлерге басымдық беру.



ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА МҮШЕЛІК

GRI 2-28

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметінің тұрақтылығын арттыру үшін ұлттық және халықаралық деңгейлерде түрлі қауымдастықтар ұсынатын міндеттерді орындауға қатысады және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытады. Компания корпоративтік және іскерлік әдептің жоғары стандарттарын ұстана отырып және заңнама нормаларын сақтай отырып, ашық және сындарлы диалогқа, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және басқа компаниялармен жауапты өзара әрекеттесуге ұмтылады.

Өзара әрекеттесудің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- › телекоммуникациялық нарықты дамыту;
- › заңнамалық және нормативтік базаны жақсарту;
- › бірлескен жобаларға бастамашылық жасау және іске асыру;
- › сала мен өңірлерді тұрақты дамыту жөніндегі негізгі бастамаларды ілгерілету.

Компания әртүрлі жұмыс топтарымен жұмыс істей отырып, төменде көрсетілген халықаралық және ұлттық қауымдастықтардың мүшесі болып табылады:

- › «Қазақстандағы блокчейн және ақпарат орталықтарының индустриясын дамыту қауымдастығы» ЗТБ;
- › «Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы» ЗТБ;
- › «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ;
- › Халықаралық электр байланысы одағы (The International Telecommunication Union (ITU));
- › «Қазақстанның Ұлттық телекоммуникациялық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі;
- › Байланыс саласындағы аймақтық ынтымақтастық;
- › «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

GRI 3-2

Маңыздылықты анықтау нәтижелері бойынша Компанияның ең маңызды әсерлерінің тізімі құрылды. Маңыздыларға мыналар жатқызылды:

Әлеуметтік аспект

- › Қызметкерлерге еңбекақы төлеу және әлеуметтік бағдарламалар.
- › Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік.
- › Қызметкерлерді оқыту және дамыту.
- › Адам құқықтары және тең мүмкіндіктер.
- › Жергілікті қауымдастықтарды дамыту.

Экологиялық аспект

- › Биоалуантүрлілік.
- › Климаттың өзгеруімен күресу (соның ішінде парниктік газдар шығарындыларын азайту)
- › Энергия тиімділігі.
- › Қалдықтарды басқару.
- › Атмосфераға шығарындылар.
- › Су ресурстарын басқару.

Корпоративті басқару аспектісі

- › Экономикалық тиімділік.
- › Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау.
- › Инновациялар және жаңа технологиялар.
- › Сапалы және қолжетімді қызметтер.
- › Сатып алу тәжірибесі.
- › Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.
- › Нарықтар мен бәсекелестік.

2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда елеулі тақырыптар тізбесінде өзгерістер болған жоқ.